

***Валюта нарығындағы қазіргі жағдай туралы
ҚР ҰБ Төрағасы Т.М. Сүлейменовтің мәлімдемесі
Астана, 2024 жылғы 29 қараша***

Құрметті журналистер!

Енді соңғы уақытта валюта нарығында байқалған құбылмалылықты ескере отырып, біз де валюта нарығындағы жағдайға қатысты шағын мәлімдеме жасағымыз келеді.

АҚШ долларына шаққандағы теңге бағамы 500-ден асты. Ұлттық валютаның әлсіреуіне сыртқы және ішкі факторлар қатар әсер етті. Кеше биржадағы сауда-саттық кезінде бағам 519,7 теңгеге жетіп, сауда-саттық жабылғандағы көрсеткіш 512 теңге болды.

Мұнай нарығы да қатты құбылып тұр. Бұған доллардың нығаяуы мен сауда баждары енгізілуі мүмкін екені, АҚШ мұнай жеткізілімін көбейтетіні және АҚШ-тың қайта сайланған президентінің басқа да шаралары – нарықта ұсыныстың өсуіне ықпал ететіні туралы экономистердің болжамы әсер етті.

АҚШ доллары ары қарай күшейіп барады. Бұл дамушы елдердің валюталарына қысым түсіретіні белгілі. АҚШ долларының негізгі әлемдік валюталарға шаққандағы динамикасын бағалайтын DXY индексі 106,2 пунктке дейін өсіп, ай басынан бері шамамен 2,2%-ға нығайды. Ал дамушы нарық валюталарының индексі сол кезеңде 3,0%-ға төмендеді.

Мысалы, соңғы екі айда Ресей рублі **16,1%**-ға, Бразилия реалы **10,3%**-ға, корей воны **6,1%**-ға, Индонезия рупиясы **4,8%**-ға, Мексика песосы **3,8%**-ға төмендеді. Сонымен қатар, осы кезеңде дамыған елдердің валюталары әлсірегені байқалады: Жапон йенасы – **5,5%**-ға, стерлинг фунты – **5,2%**-ға, еуро – **4,5%**-ға. Осы аралықта теңге бағамы ұқсас кезеңде **6,6%**-ға төмендеді.

Бұл, негізінен, экономикамыздың мұнай өндіруге көбірек тәуелді болуымен байланысты.

Ел ішінде валютаға сұраныс едәуір өсті, оның ішінде айырбас бағамының психологиялық деңгейін еңсеру аясында: соңғы күндері биржалық сауда-саттық көлемі орташа тәуліктік көлемнен 2-3 есе асып түсті. Бұл ретте валюта ұсынысы шектеулі болып қалды.

Осы факторлардың жиынтығы теңге бағамына айтарлықтай қысым көрсетті, жекелеген кезеңдерде сауда-саттық барысында төмен немесе мейілінше төмен өтімділік байқалады, бұл алып-сатарлық қысымға жағдай жасап, валюта нарығында тепе-теңдікті бұзады.

Бұл жағдайда тұрақтандыру, бағамның күрт өсуін тегістеу және нарықты валютамен қамтамасыз ету үшін Ұлттық Банк соңғы күндері валюталық интервенциялар жүргізді.

Қабылданған шаралар валюта бағамының тұрақсыздандыратын ауытқуларына жол бермеуге мүмкіндік берді және күрт ауытқуларды азайтуға, нарықтағы жағдайды тұрақтандыруға ықпал етті.

Қазіргі уақытта доллар KASE-де 507 теңге деңгейінде саудаланып жатыр.

Біз нарық жағдайын бақылауды жалғастырамыз. Бірнеше рет атап өтілгендей, еркін бағам аясында Ұлттық Банк айырбас бағамының қандай да бір деңгейін көздемейді және оның трендіне кедергі келтірмейді. Курс нарықтық факторларға сәйкес одан әрі қалыптасады. Алайда, субъективті факторлармен байланысты емес қатты ауытқулар болған жағдайда әділ бағам түзілуін қалпына келтіру үшін және валюта нарығының қалыпты жұмыспістеуін қамтамасыз ету үшін Ұлттық Банк әрі қарай валюталық интервенциялар жүргізуді жалғастыруға дайын.